**Автор**: Калемшарив Еркежан Калемшарив
**Пән**: Математика
**Сынып**: 5-сынып
**Бөлім**: Диаграмма
**Тақырып**: Шеңбер

| | |
|---|---|
| Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу): | 5.3.1.2 шеңбер,дөңгелек және олардың элементтері(центр, радиус,диаметр) ұғымдарын меңгеру 5.3.1.3 циркульдің көмегімен шеңберді салу 5.3.1.6 дөңгелек сектор ұғымын меңгеру |
| Сабақтың мақсаты: | циркульдің көмегімен шеңбер салады шеңбер және дөңгелек оның элементтерінің анықтамасын біледі. (шеңбердің центрі, радиус, диаметр, доға) дөңгелек сектор бұрыштық шамасын табу |
| Тілдік мақсаттар: | элементтерімен берілген шеңбердің және дөңгелектің сызбаларын ауызша сипаттайды. лексика және терминология шеңбер, дөңгелек, шеңбердің центрі, дөңгелектің центрі, радиус, диаметр, дөңгелек сектор диалогқа жазылымға қажетті тіркестер: берілген нүктеден/центрден / бірдей қашықтықта орналасқан жазықтықтағы нүктелер жиыны. шеңбер центрін оның кез-келген нүктемен қосатын кесінді |
| Бағалау критерийлері: | циркульдің көмегімен шеңбер сала алады. шеңбер және дөңгелек оның элементтерін ажыратады дөңгелек сектор бұрыштық шамасын таба алады. |
| Құндылықтарды дарыту: | Қазақстанның тәуелсіздігі және Астана Қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілікке баулу,өзгелердің мәдениетіне және көзқарастарына құрметпен қарау, білімді шығармашылық тұрғыдан қолдана білу қабілетіне баулу. |
| АКТ-ны қолдану дағдылары: | слайд, АКТ, билимленд |
| Пәнаралық байланыс: | Сызу, геометрия |
| Бастапқы білім: | градустық өлшемі берілген бұрышты біледі. |

## Сабақ барысы

| **Сабақ кезеңдері** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| Сабақтың басы (7минут) | Ұйымдастыру Сәлемдесу, оқушыларды түгендеу.Сабақтың тақырыбын оқи отырып, оқушылармен бірге сабақ мақсатын қою. Психологиялық ахуал. 1,2,3 сынып іші тып-тыныш, Жалқаулықты тастаймыз, Сабақты біз бастаймыз. «Тілек добы» Допты қолданып мұғалім бүгінгі сабаққа өз тілегін айта отырып, допты бір оқушыға лақтырады, ол оқушы тілегін білдіріп келесі оқушыға лақтырады. Соңғы оқушы мұғалімге тапсырады. Бәйтерек және ЭКСПО суреттерін пазл бойынша құрастыра отырып екі топқа бөленеміз. Үй жұмысын тексеру. тапсырма келісемін келіспеймін Тік бұрыш 900-қа тең Сүйір бұрыш 900-тан үлкен Доғал бұрыш 900-тан үлкен Дескриптор: бұрыштар өлшемін ажырата алады ҚБ –дайын жауап көрсетіледі оқушылар өзін-өзі бағалайды. Саралау: Тапсырма бойынша | |

| Сабақкезеңдері | Жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
|---|---|---|
| Сабақтың ортасы (25минут) | Топтық жұмыс: «Нәзік сауалнама» әдісі (сұрақ қою және талқылау) Тапсырма: Постер құру. 1.Шеңбер деген не? Элементтерін ата –Ітоп 2.Дөңгелек деген не? Дөңгелек секторын қалай алуға болады? -ІІтоп Дескриптор: шеңбер анықтамасын біледі, элементтерін атай алады дөңгелек анықтамасын біледі, дөңгелек секторын сала алады. ҚБ :екі топ бірін-бірі бағалайды Саралау: жұмыс қарқыны. Жұптық жұмыс: «Күрделі сәйкестендіру» әдісі тапсырмасын орындауда, еңбегінде шеңбердің диаметрі кездесетін ежелгі грек ғалымының есімін табу керек. Қысқаша мағлұмат тапсырма Жауабының № жауабы әріп R=3см D=? 1 5см А D=10см R=? 2 4,5см С R=1,5см D=? 3 9см Е R=4,5см D=? 4 3см Л D=9см R=? 5 6см Ф Дескриптор: Шеңбер радиусын есетпей алады Шеңбер диаметрін табады Ежелгі грек ғалымы Фалес жайында мағлұмат алады. ҚБ: «Бағдаршам» Қызыл түс -орташа, сары түс –жақсы, жасыл түс -өте жақсы Саралау: Тапсырма Оқулықпен жұмыс: «Попкорн әдісі» №894 Оқушылар ауызша кері байланысты басқарады, жауап береді. Егер бірнеше оқушы қатар тұрса, онда оқушылар кімнің бірінші жауап беретінін анықтайды Дөңгелек үш секторға бөлінген. Егер сектордың бұрыштары 1. 500және860 2. 2.900және 660 3. 3. 1200және1000 болса,үшінші сектордың бұрышы қандай? Дескриптор:оқушылар -белгісіз бұрышты табады -дөңгелек сектор суретін кескіндей алады. ҚБ: «Екі жұлдыз, бір тілек». -толық бұрыштың градустық өлшемі қандай? -жұмысты орындау барысында қиындықтар болды ма? | |
| Сабақтың соңы (5минут) | Тест №1» тапсырмасы. (билимленд) Сәйкестендір (Бұл тапсырмада оқушылар берілген шеңберлерді тапсырма мен дұрыс жауаптарын бірдей түсті бояу қарындаштармен бояу керек) Тапсырмалар жауаптары R=7см болса, R=10см D=20 см болса, Шеңбер центрі арқылы өтіп, оның екі нүктесін қосатын кесінді Радиус шеңбермен Диаметр Шеңбердің кез-келген нүктесін центрмен қосатын кесінді шеңбер D=14 см Дөңгелек......... шектелген 3600қа тең Толық бұрыш Берілген нуктеден бірдей қашықтықта жатқан нүктелер жиыны Дескриптор: шеңбер радиусы, диаметрін есептей алады, сәйкестендіреді. ережелер мен анықтамаларды біледі. ҚБ: Қанша дұрыс жауап болса сонша смайлик беріледі. Үйге тапсырма: 1.№895 99бет 2. Шеңбер салып екі радиус жүргізе отырып,берілген бұрыштан басқа, қалған бұрыштарын есептеу. | |
| Рефлексия (3минут) | Рефлексия: «Чемодан, еттартқыш, себет». | |